

**Дәрілік препаратты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)
Мастодинон®**

Саудалық атауы
Мастодинон®

Халықаралық патенттелмеген атауы
Жоқ

Дәрілік түрі, дозасы
Ішуге арналған тамшылар 50 мл және 100 мл

Фармакотерапиялық тобы
Басқа препараттар. Басқа барлық емдік препараттар. Басқа дәрілік
препараттар
АТХ коды V03AX

Қолданылуы
- етеккір алдындағы синдромда (мысалы мастодиния, сүт бездерінің
кернеуі, психоэмоциялық орнықсыздық, іш қатулар, ісінулер, бас ауыруы,
бас сақинасы)
- етеккір оралымының бұзылуында

Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі
Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препараттың белсенді немесе қосымша компоненттерінің кез келгеніне
жоғары сезімталдық

Қолданған кездегі қажетті сақтандыру шаралары

Эстрогенге тәуелді қатерлі ісіктерден зардап шегетін немесе зардап
шеккен пациенттер препаратты қабылдас бұрын дәрігермен кеңесу
керек.

Допамин агонистерін, допамин антагонистерін, эстрогендер мен
антиэстрогендерді қабылдайтын пациенттерге препаратты қабылдағанға
дейін дәрігермен кеңесу керек.

Егер препаратты қабылдау кезінде симптомдар нашарласа, емдеуші
дәрігермен кеңесу керек.

Vitex agnus castus гипоталамус-гипофиз жүйесіне әсер етуі мүмкін,
сондықтан анамнезінде гипофиз аурулары бар пациенттер Мастодинон®
препаратын қолданар алдында дәрігермен кеңесу керек. Гипофиздің
пролактин секреторлық ісіктері жағдайында Vitex agnus castus қабылдау
ісік симптомдарын жасыруы мүмкін.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Vitex agnus-castus, fructus допаминнің әсерін (допамин агонистері) ықпаландыратын, допаминнің әсерін (допамин антагонистері) тежейтін дәрілік препараттармен, эстрогендермен және антиэстрогендермен өзара әрекеттесуін жоққа шығаруға болмайды.

Арнайы ескертулер

Осы дәрілік заттың құрамында 53% к/к. этил спирті бар, сондықтан препаратты алкоголизмнен зардап шегетін, сондай-ақ алкоголизмнен емделу курсынан өткен пациенттерге қолданбаған жөн. Сонымен қатар осы жайында препаратты жоғары қауіп тобында – бауыр аурулары немесе эпилепсиясы бар науқастарға пайдаланғанда есте сақтау керек.

Мастодинон® препаратының әсер ету механизмі гормоналдық теңгерімді үйлестіруді қамтиды, үйлестіру процесі бірнеше айға созылуы мүмкін. Осы уақытта етеккір бұзылыстары болуы мүмкін.

Сақтау үдерісінде бұлыңғырлануы не елеусіз шөгінді түсуі мүмкін. Бұл препарат тиімділігіне әсер етпейді! Гомеопатиялық емдеу кезінде темекі шегу және алкоголь тұтыну сияқты зиянды әдеттер гомеопатиялық препараттың тиімділігіне теріс әсер ететіні белгілі.

Қант диабетімен ауыратын науқастар

Мастодинон® тамшыларының құрамында көмірсулардың тиісті мөлшері жоқ.

Педиатрияда қолдану

Препаратты 18 жасқа дейінгі балаларда қолдану жеткілікті деректер болмауына байланысты анықталмаған.

Мастодинон® препараты жыныстық жетілу кезеңінде жүйелі келетін етеккір басталғанға дейін қолданылмауы тиіс.

Жүктілік немесе лактация кезінде

Мастодинон® тамшыларын жүктілік және лактация кезеңінде қабылдауға болмайды. Репродуктивті зерттеулерге сәйкес, agnus-castus, fructus экстракттері сүттің өндіруіне әсер етуі мүмкін деп болжау керек.

Vitex agnus-castus, fructus ұрпақ өрбіту функциясына етеккір циклін реттеу арқылы әсер етеді.

Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Препаратты ұсынылған дозада қолданғанда дәрі автокөлік жүргізу және механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Дозалау режимі

Егер дәрігер басқаша тағайындамаса, 30 тамшыдан күніне 2 рет таңертең және кешке сумен немесе басқа сұйықтықпен аздап сұйылтып қабылдау керек.

Енгізу әдісі мен жолы

Пероральді қолдану үшін.

Қабылдау уақыты көрсетілген қолдану жиілігі

Мастодион[®] тамшыларын күніне 2 рет (таңертең және кешке) сумен немесе басқа сұйықтықпен аздап сұйылтып қабылдау керек.

Емдеу ұзақтығы

Гомеопатиялық препараттарды, басқа препараттар сияқты, дәрігермен алдын ала кеңес алмай, ұзақ уақыт бойы қабылдауға болмайды.

Артық дозаланған жағдайда қабылдануы тиіс шаралар

Симптомдары: артық дозалану жағдайлары туралы хабарланбаған.

Емі: препаратты тоқтату, симптоматикалық

ДП стандартты қолданған кезде байқалатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және осы жағдайда қабылдауға тиісті шаралар

Келесі жағымсыз әсерлер болуы мүмкін:

Жиілігі белгісіз:

- ауыр аллергиялық реакциялар (беттің ісінуі, ентігу, жұтудың қиындауы),
- (аллергиялық) тері реакциялары (бөртпе, есекжем сияқты)
- бас ауыруы, бас айналу, акне,
- асқазан-ішек бұзылыстары (жүрек айну, іштің ауыруы сияқты).

Аллергиялық реакцияның алғашқы белгілері білінгенде Мастодион[®] тамшыларын қабылдауды тоқтату қажет.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаны қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша ақпараттық деректер базасына тікелей жүгіну қажет

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препараттың құрамы

100 г препараттың құрамында

белсенді заттар:

Agnus castus D1 (қасиетті витекс немесе авраам ағашы) - 20 г,
Caulophyllum thalictroides D4 (марал оты тектес сабақты жапырақ) - 10 г,
Cyclamen D4 (еуропалық қоғажай) - 10 г, Ignatia D6 (чилибуха игнация)
- 10 г, Iris D2 (алуан түрлі құртқашаш) - 20 г, Lilium tigrinum D3 (тарғыл
лала гүл) - 10 г

қосымша заттар: 15% этил спирті, 43% этил спирті

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Мөлдір, хош иісті, сәл сарғыш сұйықтық. Гинекологиялық ауруларды емдеуге арналған басқа препараттар.

Шығарылу түрі және қаптамасы

50 мл және 100 мл препараттан дозалайтын тамшылатқыш құрылғысы (ПЭНП) және алғашқы ашылуы бақыланатын (ПЭВП) бұрандалы қақпағы (ПП) бар күңгірт шыныдан жасалған құтыда (III класс).

1 құтыдан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге жиналмалы картон қорапшаға салынады.

Сақтау мерзімі

4 жыл

Құтыны ашқаннан кейін қолдану мерзімі 6 ай.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

Түпнұсқалық қаптамасында, 25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші туралы мәліметтер

Бионорика СЕ

Кершенштайнерштрассе 11-15

92318 Ноймаркт, Германия

Телефон: +49 / (0) 9181 / 231-90

Факс: +49 / (0) 9181 / 231-265

электронды пошта: info@bionorica.de

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Бионорика СЕ

Кершенштайнерштрассе 11-15

92318 Ноймаркт, Германия

Телефон: +49 / (0) 9181 / 231-90

Факс: +49 / (0) 9181 / 231-265

электронды пошта: info@bionorica.de

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін

қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)

«Бионорика КАЗ» ЖШС

050060 Алматы қ., Жароков көш. 331, тел: 250-93-99

e-mail: info@bionorica.kz